

**«Балдырған» бөбекжай- балабақшасы
«Балапан» тобының ата - аналар жиналысының
№ 1 хаттамасы**

31.08.2022 жыл
Қатысқандар: 19
Қатыспағандар: 6

Тақырыбы: Жаңа оқу жылындағы өзгерістер.

Максаты: Ата-аналармен танысып, ата-анамен балабақша арасында тығыз байланысты орнату. Өткізілу түрі, офлайн (дәстүрлі ата-аналар жиналысы).

Күн тәртібінде

1. Жаңа оқу жылының мақсат міндеттерімен танысу Балабақша әдіскері: Тағаева Н.
2. Топпен танысу, ата-аналармен танысу. Іс-әрекеттерімен таныстыру.
Тәрбиеші: Калыбаева С.
3. Балалардың балабақшаға жеңіл бейімделуіне кеңестер
Тәрбиеші: Байырова С.
4. Ата-ана комитетінің төрайымы мен көмекшілерін сайлау

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Тағаева Н.

Құрметті ата –аналар! 2022- 2023 оқу жылының басталуымен сіздерді құттықтаймын. Осы оқу жылында жоспарланған іс-шаралар көп. Бұл іс-шаралар балалар үшін өте маңызды. Сонымен қатар сіздер мен балабақша арасында жақсы қарым-қатынас орнауына да себепші болады. Оқу жылына балабақша толығымен дайын және карантиндік талаптар сақталады. Оқу құралдары, төсек жабдық жаңа, ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар еліміздегі жағдайларға байланысты топтағы балалар арасындағы арақашықтық бақыланады. Әр баланың денсаулығы үшін санитарлық-гигиеналық, тазалық шаралары әр топта сақталады. Оқу жылына әр бала қажетті оқу құралдарымен толықтай қамтылады.

Тыңдалды: Тәрбиеші: Калыбаева С.

Сәлеметсіздер ме, ата – аналар! Қыркүйек айының алғашқы онкүндігінде әр баланың даму деңгейін анықтаудан бастаймыз. Биыл МЖМБС стандарт пен үлгілік оқу бағдарламаның өзгеруіне байланысты, перспективалық жоспарларымызға өзгерістер енуде. Мектеп жасына дейінгі топтарға іс-әрекеттер жүктемесі берілмеген. Стандартта көрсетілген әр іс-әрекет күн тәртібінің кез-келген бөлігінде тәрбиешінің циклограммасына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдалды: Тәрбиеші: Байырова С.

Сәлеметсіздер ме, ата – аналар! Балабақша – баланың «жаңа өмірге» деген алғашқы қадамы, себебі енді анасы тәулігіне 24 сағат бойы қасында болмайды және мұнда оны күткен өзі құралпылас балалардан, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын үлкен жаңа ұжым бар. Балабақшаға бейімделу кезеңі әр балада әр алуан сипатта өтеді. Қалай болғанда да, ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қиын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай.

Ата-аналарға бірнеше пайдалы кеңес.

- Балабақшаға берерден шамамен бір ай бұрын балаңызды балабақшамен таныстырыңыз. Жай ғана балабақша аумағында серуендеуге барыңыздар, сонда ол балабақша ғимаратының әсемдігіне тамсанып, онда қайта-қайта баруға ынтасы оянады, мұндайда алғашқы ресми күн де ол үшін мереке іспеттес болмақ.
- Бала жаңаша күн тәртібінен биологиялық тұрғыда қолайсыздық сезінбеуі үшін, бір ай

бұрын оны ақырындап балабақшада болатын жаңа тәртіпке үйрете беріңіз. Бұл тамақтануға да қатысты.



- Баланың ұжымға жылдам сіңісуі үшін, оның қарым-қатынас жасауға бейімділікті дамытуына көмектесіңіз, ал бұл балалармен, сондай-ақ ересектермен араласу барысында ғана мүмкін болмақ. Реті келсе, балабақшаға бармай тұрып, болашақ топтастарымен және олардың ата-аналарымен танысқандарыңыз тіптен құптарлық жайт.
- Баланы міндетті түрде дербестікке дағдыландырыңыз, өз жасының деңгейінде өз-өзіне қарай алатын болсын.
- Балаға балабақшаның не үшін керек екенін, балалардың онда не үшін баратынын әңгімелеп беріңіз. Әкесі мен анасының жұмысқа, ал балалардың балабақшаға баратынын түсіндіріңіз.
- Анда-санда баламен бірге балабақша маңынан өтуге тырысыңыз, және оған дәл осы балабақшаға баратындарыңыздың қандай жақсы болғанын қуана ескертіңіз. Тобының қандай әсем болатынын, ондағы ойыншықтардың қандай сүйкімді екенін, оның балалармен ойнайтынын айтыңыз.
- Баланың көзінше ешқашан балабақша туралы жағымсыз пікір айтпаңыз, және, ең бастысы, оны балабақшамен қорқытпаңыз. («тамағыңды ішпесең, балабақшаға жіберемін»; «мейлі, балабақшада сені тамақ жеуге жақсылап тұрып үйретеді» деген секілді).
- Баланы бастапқыда балабақшаға бірнеше сағатқа әкеліңіз де, кейіннен біртіндеп толық күнге жеткізіңіз. Мұндай біртіндеушілік қағидасы бала үшін де, оның анасы үшін де анағұрлым жайлы болмақ.


Тыңдалды: 2022-2023 оқу жылының өзгерістеріне тоқталды. Барлық қосымша мамандар өздері жылдық жоспарымен таныстырды. Жұмыс жасау кестесімен де таныстырды... Балабақшаның тәртіптерін сақтаңыздар. Ата-ана комитетінің төрайымы болып: Тәжіхан Айдана Маратқызы сайланды. Ата-аналар балабақша ұжымына алғыс айтып, рахметтерін білдірді.

Ата –аналар жиналысының шешімі:

1. МЖМБС мен үлгілік оқу бағдарламасының өзгерістерімен танысты, өзгерістерге байланысты оң пікір білдірді.
2. Күн тәртібі мен кеңестерді сақтауға келісті.

Топ тәрбиешілері:

 Байырова С.
 Калыбаева С.

Хатшы  Байырова С.